

**«Жыланбұзған» жлпы білім беретін мектеп КММ кітапханасының
2024-2025 оқу жылында атқарған жұмысы бойынша есебі .**

Кітапхананың мақсаты:

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасы үкіметінің на ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрлігінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады;
2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйымымен бірлесіп атқарады;
3. Мектептің міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу – тәрбие ісін неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында қорды қалыптастырады;
4. Анықтама – библиография апаратын, кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастырып, кітапхана қорын толық ашып көрсетеді;
5. Оқушыны кітапқа құштарлыққа, кітапхананы пайдалана білуге тәрбиелейді;
6. Кітаппен өз бетінше жұмыс жасау жолдарын меңгеруге, кітап арқылы ой - өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейтуге, тілін дамытуға, ой - өрісі кең, білімді, парасатты азаматтарын тәрбиелеуге жәрдемдеседі;
7. Мектептегі педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектеседі

Кітапханашының міндеті:

1. Оқушыларға білім алудың басты құралы – кітап екенін түсіндіре отырып, жас ұрпақтың бойына патриоттық, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыру.
2. Оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбек ету, кітапхананың кітап қорын сақтап, молайту.
3. Кітапханаға келуші оқырмандар санын көбейтіп, жас ұрпақтың бойында кітап құмарлықты, кітап
4. оқуға қызығушылықты қалыптастыру. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы Осы оқу жылында мектеп оқушылары оқулық пен мектеп тарапынан 100 % қамтылды. Мектеп кітапханасының кітап қоры 33344 дана болды, оның ішінде мектеп оқулықтары 30757 дана, жаңа буын оқулықтары 3680 дана. Осы оқу жылында қалалық білім бөлімінен 3680 дана жаңа оқулық берілді. Осы оқу жылында 280 дана көне әдеби кітаптар кітап қорынан шығарылды. Ағартушылық, көпшілік, кітап оқуға қызығушылық бағыттағы жүргізілген жұмыстар.
5. Күнделікті жұмыс барысында мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарына , сабақтарының тақырыбына байланысты материалдар іздегенде кітапхананың көмегіне сүйенеді. Ал оқушылар мән жазба жазуға үй тапсырмаларына қосымша мәліметтер іздегенде кітап қорын пайдаланады. Тәуелсіз елімізді өркениетті
6. әлемге танытатын, дамыған елдер қатарына терезесін тең ететін білім және білімді ұрпақ. Қазіргі таңдағы жан- жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі — мектеп кітапханасы. Кітапхана сол оқу орнындағы білімге ұмтылған жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Демек, мектеп кітапханасының алдына қойған өзекті мәселесі жас

ұрпақты тәрбиелеу. Сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін, көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында көптеген іс-шаралар жүргізіледі.

Білім беру үрдісінде оқушыларға ақпараттық, оқырман мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру мақсатында. Жыланбұзған жалпы орта мектеп кітапханасының жоспары бойынша жұмыс атқарылды. Мектеп іс-шараларына, белсенді қатысып, сынып жетекшілермен тығыз қарым-қатынаста болды. Барлық көзделген іс-шаралар өткізілді. Барлық сыныптардан оқушының оқулық алғаны жөнінде қол қойған оқушылар тізімі алынды. 2024-2025 оқу жылының тамыз айында толық оқулықтар сынып жетекшілерге тапсырылып, оқушылар толық 100 пайыз оқулық пен қамтамасыз етілді.

№	сыныптар	Жалпы оқушы саны	Аз қамтылған оқушылар	Оқу комп
1	1 сынып	52	100%	52
2	2 сынып	58	100%	58
3	3 сынып	54	100%	54
4	4 сынып	42	100%	42
5	5 сынып	53	100%	53
6	6 сынып	32	100%	32
7	7 сынып	61	100%	61
8	8 сынып	59	100%	59
9	9 сынып	36	100%	36
10	10 сынып	20	100%	20
11	11 сынып	10	100%	10
12	Барлығы	477	100%	477

Барлық сыныптардан оқушының оқулық алғаны жөнінде қол қойған оқушылар тізімі алынды. Аудандық білім бөліміне стат есептер бойынша мәліметтер берілді

№	Кітап қоры	Оқулық қоры	Оқырмандар	Кітап берілімі	Көлемі	Кітапхана көлемі
1	14619	13363	1086	170	477	101,42

Алынған барлық оқулықтар журналдарға тіркеп, мөр басу жұмыстары жүргізіліп, сыныптар бойынша таратылды. Педагогикалық кеңесте оқушылардың оқулықпен қамтылуы жайында анықтама оқылды. Сынып тізімдері бойынша оқырмандардың формуляларын қайта тіркеу, жұмыстары жүргізілді. Жаңа түскен оқулықтарға карточкалар арналады. ББК кестесі бойынша сөре бөлгіштері жаңартылады. 2024-2025 оқу жылының тамыз айында толық оқулықтар сынып-жетекшілерге тапсырылып, оқушылар толық оқулықпен қамтамасыз етілді. 1-4 сыныптар арасында оқушылар оқулықпен 100 пайыз қамтылды. 5-11 сыныптар арасында оқушылар оқулықпен 100 пайызға қамтылды.

Жалпы мектеп бойынша, оқушылар оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілді.



«Кітап- білім бұлағы» Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. 5-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім» тақырыбында кітап көрмесі және 4 сыныптар арасында сайыс сабақ ұйымдастырылды.

20-қыркүйек «Кітапханаға саяхат» 1-ші сынып балаларымен мектеп ішіндегі кітапханаға саяхат жасадық «Менің сүйікті кітабым» бсыныптар арасында кітап оқу сайысы Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітапарын талдай отырып, рухани-тәләм тәрбиелеу, кітап оқуға баулу.



«Окуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына орай кітап көрмесі және Әбілхан Қастеевтің туралы мағұлмат берілді.

Қазан айыда «Окуға құштар мектеп» жобасы аясында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай

«Қан мен тер» трилогиясы, туралы мағұлмат берілді, оқырмандар өз ойларын толық жеткізе білді.

«Кітап оқыған адамның түні де, күні де, жарық болады» 20 минуттық кітап оқу.

Мақсаты: Көркем әдебиеттерге деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, оқырмандарды кітаптарға қызықтыра білуге үйрету, ұлттық тәрбиеге баулу.



«Кітап –алтын қазына» тақырыбында 6- сыныптар арасында сайыс сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру мәдениетті парасатты, рухани ойлауы терең, ар- ождан мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.



«Кел, балалар, оқылық» кітапханаға түскен жаңа көркем әдебиеттермен таныстыру, көрме ұйымдастырылды. «Қалың қалай оқулық?» оқулықтарды таза ұстауға шақыру

Оқулықтың таза ұсталуын қадағалау мақсатында оқулықтар ай сайын тексеріліп, отырды.

«Рәміздерім –мақтанышым» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» Күзгі кітап оқу марафоны 1-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды

Қараша айында Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы күні «1993) Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктері түстіріліп және кітап көрмесі ұйымдастырылды.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Б.Майлиннің туғанына, 130 жыл толуына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кеңес әдебиетінің аса талантты өкілдерінің бірі Бейімбет Майлин туралы білімдерін кеңейту, өмір жолы мен шығармашылығынан мәліметтер беру, оқырмандардың патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту



16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұғырым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып оқушыларға Тәуелсіздік-Желтоқсанның жемісі, Тәуелсіздік жолындағы күрестерді ғасырлар қойнауына жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белгісі екендігін түсіндірілді. Ұлы Дала тарихынан бастап, тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасалынды. Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына-145жыл «Балалар кітапханасы жобасы» Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға толық жеткізілді. Алашорда қозғалысын құрушылардың бірі екенін түсіндірілді. "Салуатты өмір-көтеріңкі көңіл" тақырыбында 7-сыныптар арасында сайыс өткізілді. Балаларды зиянды әдеттерден сақтандыру, салуатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау. «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында «қазақ әдебиеті» газетіне-90жыл кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Қаңтар айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «20-минуттық кітап оқу» Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітап оқуға, соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарын арттыру, кітап оқуға сүйіспеншілікпен қарап, алдағы уақыттарда да, оқып жүруге ыңдаларын қалыптастыру. «Бір сынып-бір кітап» «Шалқан ертегісі даярлық тобымен

ұйымдастырылып өткізілді. Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету. «Абай-елдің данасы» Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу 7-сыныптар арасында ұйымдастырылды. Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолу жасалынды.

Ақпан айында 7-8-сыныптар арасында «Жырлайды жүрек» ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні тақырыптық кітап көрмесі, және өлеңдерін жатқа айту. 12-21 ақпан күндер арасында «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Балалар кітапханасы» бағдарламасын, жүзеге асыру мақсатында. «Шын жүректен кітап сыйла» члендржі ұйымдастырылды.

«Отты жылдар жаңғырығы» тарихи шолу, кітап көрмесі ұйымдастырылды.



15 ақпан ауған соғыс күніне кітап көрмеұйымдастырылды.



Әжемнің ертегі тақрыбынде әжетайлармен икездесу ұйымдастырылды.



сайыс 8-10 арасында ұйымдастырылып, өткізілді. «Қош келдің Әз-Наурыз!» 9 «Б» сынып оқушылар арасында өткізілді. «Әжемнің ертегілері» «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сыныптар арасын ұйымдастырылып өткізілді.



Көктемгі демалысқа кітаппен, әдеби марафон ұйымдастырылып, оқушылар марафонға қатысып, Алғыс хат және Сертификатпен марапатталды.



Сәуір айында 5-11 сыныптар арасында «Ғарышқа, ізін салған қыран қазақ» Тоқтар Әубәкіров кітап көрмесі ұйымдастырылды.



1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай. «Достығымыз жарасқан» кітап көрмесі ұйымдастырылды, және 9-мамыр жеңіс күніне орай «Бейбіт -күн жасасын» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітапхана жұмысының, жетістіктері аудан аумағындағы түрлі этнос өкілдері арасында «Төле би бабамыздың өмірі жолы мен шешендік сөздері» атты интеллектуалды сайысында жүлделі II орынды иленген үшін Жыланбұзған жалпы білім беретін мектеп оқушылары марапатталды. Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ж.Абдиев аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Дүйсебаев Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің кітапханашысы Алия Каракулова марапатталды. Алғыс хат аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Ғ.Мырзалы кітапханашы А.Каракулова марапатталды.

Онлайн жетістіктер Каникулда кітап оқимыз атты марофон 8-сынып оқушысы Садыкова Севгия Исмаиловна Сертификатпен марапатталды анасы Садыкова Мадина Алғыс хатпен марапатталды және 9-сынып оқушысы Заманбек Амина

уткурқызы марапатталды анасы Алматаева Мадина Алғыс хатпен марапатталды 5-сынып оқушысы Абубакирова Сабина марапатталды анасы Ганиева Дилдора Алғыс хатпен марапатталды 3-сынып оқушысы Нугматжан Шахризада Сертификатпен марапатталды 5-сынып оқушысы Нугматжан Сабина марапатталды 6-сынып оқушысы Усенов Қадыр Нариманұлы марапатталды.



«Жансызды жандандыратын, жандыны жаңғыртатын - кітап», екенін білген, көптеген кітап сүйген оқырмандарымыз да бар. Іздегенін бізден сұрап, сабақтан тыс кезде келіп, көркем-әдеби кітаптарды оқитын оқырмандарымыз да аз емес. Міне осыған байланысты кітапхана күнделікті статистикалық есеп жүргізіп отырады. Бұл есеп кітапхана қорының қозғалысы мен оқырмандардың құрамын, санын айқындайды, кітап беру және библиографиялық жұмыстың мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сондықтан кітапханашылар оқырмандарға, яғни мектеп оқушылары мен ұстаздарға жоқтан барын жасап барлық мүмкіндіктерді жасап оқу процестеріндегі жаңашылдықтардан ешқашан қалыс қалмау керек. «Білімдінің жүзі жарық, білімсіздің жүзі шарық» деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Кітапты үзбей оқып, өзімізге сенімді дос ретінде қабылдайық. Кітап өмірімізге бағыт сілтеп тұратын шамшырағымыз деп білейік. Кітаптың ұлы қасиетін бағалап, құрметтеп жүрейік.

Кітапханашы:

А.Каракулова



«Жыланбұзган» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылындағы кітапханашының жылдық есебі

Кітапханашыны: А. Каракулова